

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan
L. N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of philology
Department of Kazakh literature

**«ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ТОҒЫСЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ
ЖАҢА ПАРАДИГМАЛАРЫ»**

ҚР Мемлекеттік сыйлығының және ғылым саласындағы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер **ЗӘКИ АХМЕТОВТІҢ** 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

4-5 МАМЫР, 2023 ЖЫЛ

Астана, 2023

MATERIALS

**«NEW PARADIGMS OF LITERARY STUDIES AT
THE CROSSROADS OF THE HUMANITIES»**

International scientific and theoretical conference dedicated to the 95th anniversary of the winner of the state prize of the Republic of Kazakhstan and the Sh.Ualikhanov Prize in the field of science, academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, Honored Worker of science of the Republic of Kazakhstan **Zaki Akhmetov**

4-5 MAY, 2023

Astana, 2023

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

Г91

Жалпы редакциясын басқарған:
Басқарма төрағасы-ректор Е. Сыдықов

Редакция алқасы: Ж. Құрманғалиева, У. Жорақұлов (*Ташкент, Өзбекстан*), Н. Ыйсаева (*Бішкек, Қырғызстан*), Ғ. Нұрғалиева, А. Бейсенбай, Қ. Кемеңгер (*жауапты шығарушы*), Қ. Байтанасова, М. Оразбек, С. Сагидуллиева.

«Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары»
Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер, ҚР ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің 95 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 4-5 мамыр 2023 жыл/ Жалпы редакциясын басқарған: Е. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2023. – 310 б.

ISBN 978-601-337-843-5

Жинаққа 2023 жылы 4-5 мамырда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Қазақ әдебиеті кафедрасы ұйымдастырған аса көрнекті әдебиеттанушы ғалым, ҰҒА академигі Зәки Ахметовтің (1928-2002) 95 жылдығына арналған «Гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы әдебиеттанудың жаңа парадигмалары» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енді. З. Ахметовтің ұлттық гуманитарлық ғылым тарихындағы орны мен ғалымдық тұлғасын зерделейтін мақалалар және бүгінгі әдебиеттану, фольклористика, тіл ғылымы мен оны оқыту әдістемесін қарастырған ғылыми зерттеулер топтастырылды.

Басылым ғылыми қызметкерлерге, білім алушыларға, оқу, білім, руханият саласының мамандарына, ұлт тарихына ынтызар көпшілік оқырманға арналған.

ISBN978-601-337-843-5

ӘОЖ821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

МӘТІННІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ АСПЕКТІСІ

*Байтанасова Қ.**Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филол.ғ.к.**Астана қ., Қазақстан**E-mail: k.baitanasova@mail.ru*

Abstract. The structure of the work of art, its internal and external organization determines the interrelationship of the elements that make up the text. The composition of any work reveals its content. If we do not consciously understand the peculiarities of speech art, then we cannot perceive it as a whole structure. The establishment of a new paradigm of the analysis of a work of art established its own methodology of analysis. This is because literary analysis was mixed with philosophical and social analysis. The article analyzes the structural features of the artistic work. **Key words:** structure, analysis, text, vocabulary, fable

Көркем шығарманың құрылымы, оның ішкі және сыртқы ұйымдастырылуы мәтінді құрайтын элементтердің өзара байланысын анықтайды. Қандай да туындының композициясы оның мазмұнын ашады. Егер сөз өнерінің ерекшелігін саналы түрде түсінбесек, онда оны тұтас құрылым ретінде қабылдай алмаймыз. Көркем шығарманы талдаудың жаңа парадигмасының орнығуы оған қатысты талдаудың өзіндік әдіснамасын орнықтырды. Себебі, әдеби талдауға философиялық, әлеуметтік талдау түрлері араласты. Мәтіннің мазмұнынан структуралық талдауды бөліп алу Н.Гартман мен Р.Ингарденнің феноменологиялық эстетика ретіндегі талдауынан байқалды. Яғни өнертанушылық зерттеу «қабаттық» құрылымды анықтаудан тұрады. Кеңес дәуірі кезіндегі әдебиеттануда структуралық талдаудың шектеулігін «формашылдар мектебінде» болдырмайтын бірнеше тәсілдер айқындалды. Структураны түсінудің бірізділігі, оны талдау тәсілдері мен әдебиеттанудағы орны соншалықты айқындалмаса да, бұл мәселені шешудің негізгі жолдарын анықтауға болады Мәтін ұғымы тұйықталған, белгілі бір шектеулі аясы бар, аяқталған мәнді білдіреді. Яғни мәтіндегі кеңістік пен уақыттың екі жағдайы көрінеді. Біріншіден, астрономиялық қалыпты уақыт-кеңістік бірлігі көрінсе, екіншіден ол мәтін ішінде көркемдік сипат иеленеді. Мәселен, И.Байзақовтың «Он бір күн, он бір түн» деген поэмасы бар. Шығарманың тақырыбы нақты уақытты көрсетіп тұр. Ал, шығарманың аясында осы нақтылық көркемдікке ойысады. Сол сияқты «Айгүл қойшының бір күні» (Ғ.Мүсірепов) әңгімесіне қатысты да осыны айтуға болады. Шығармада нақты уақыт, кеңістік, оқиға, кейіпкер сипатталады. Ал, әңгімені оқу барысында кейіпкердің бір күні арқылы бүкіл өмірі, әрекеті көрінетінін байқаймыз. Яғни көркемдік мекеншақ оқырманға кеңірек ақпарат береді. Осы арқылы мәтіндегі қандай да бір код анықталады. Біз шығармадағы оқиғамен танысу арқылы нақты мәтінді ғана емес, оны басқа, ұқсас әрекеттермен, кейіпкерлермен салыстырып отырамыз. Сол арқылы әр ұлттың танымы айқындалады. Мәселен, Ғ.Мүсіреповтің кейіпкері арқылы халқымыздың малшылық кәсібі, сахарадағы тіршілігі, салт-дәстүрі қоса танылады. Бұл шығармада нақты көрсетілмесе де, меңзеліп, соған тиісті ақпараттар байқалып отырады. Зерттеуші И.Гальперин: «Егер мәтінді тұтас қарастыратын болса, онда құрылымдық талдаудың мәні үлкен. Себебі, мұнда жанр түрі, кейіпкерлер сипаты, тілі - бәрі қамтылады», - дейді [1].

Оқырманға алдымен мәтін беріледі де, оның тілін саралау соңынан жүреді. Біз алдымен мәтінді талдаймыз. Мәтіннен кейін барып, тіл анықтала бастайды. Жалпы көркемдік тұтастық дегеннің өзі әдебиет, көркем туынды деген ұғыммен пара-пар. Мәтіннен тыс байланыс көркемдік тұтастықты құрайды. Ю.Лотман «Анализ поэтического текста» еңбегінде тарихи, әлеуметтік, дербес байланыс түрлерін көрсете отырып, осыларды біріктіре, жүйелей қарастыру керектігін айтады [2]. Шындығында да мәтінді әр оқырман әр түрлі қабылдайды. Мәселен, шығарманы оқып отырған адамның біреуі оның тарихи жағына,

екіншісі әлеуметтік өмір құбылысына, үшіншісі кейіпкердің суреттелуіне мән беруі мүмкін. Мәселен, қаламгер Ғ.Мүсіреповтің «Кездеспей кеткен бір бейнесін» алайық. Ондағы бас кейіпкер Еркебұлан – Сәкен Сейфуллиннің прототипі. Шығарманы оқу барысында Еркебұланның бейнесі арқылы Сәкенді елестетіп отыратынымыз рас. Алайда, туындыда Еркебұлан бейнеленген. Сондықтан нақты шығармадағы кейіпкердің әрекеті, мінез-құлқы, сөйлеген сөзі алдыңғы кезекке шығады. Шығарма кейіпкерінің ар жағында тарихи тұлға Сәкеннің тұруы – екінші кезектегі мәселе. Себебі нақты тұлға – Сәкенді елестету оның өмір жолын, қайраткерлігін жете білуден туады.

Осы тұста мифологияда, фольклорда басымдыққа ие код мәселесі туындайды. Мәселен, біз қазақ ертегілерін оқып отырғанда, бір ғана сол танысып отырған ертегі мәтінін ғана емес, барлық ертегіні ойымызға түсіріп, белгілі ақпаратты аламыз. Себебі, қиял-ғажайып ертегілерінде кездесетін ортақ кейіпкерлер бар, олардың әрекеті де, мінезі де ұқсас. Яғни сол арқылы қазақ ертегілерінің, оның ішінде қиял-ғажайып ертегілердің болмысын толық танымыз. Мәселен, ертегілердегі мыстан, жалмауыз кемпір, дәу, жетім баланың әрекеттері, сипаттары бірдей. Сол сияқты «Кездеспей кеткен бір бейне» шығармасын оқи отырып, Сәкен Сейфуллиннің бейнесін, іс-әрекетін, жалпы тарихи, шығармашылық тұлғаларға тән ортақ қасиетті танып, жинақтаймыз. Тіл мен мәтіннің аралығында – мәтіндік код орнығады. Бұл әр ел әдебиетінде, фольклорында кездеседі. Мәтіндік код ұйымдасқан, жүйелі мәтіндік құрылымның болуына да ықпал етеді.

Қандай да нақты бір әдеби туындының сол жанрадағы басқа да шығармалармен ортақтығы болады. Сонда структура тек жекелеген шығарманы нақты мазмұндық-пішіндік түрде сипаттаушы ғана емес, сонымен бірге барлық әдебиетті өнер түрі ретіндегі жанр, тек, жалпы стиль, көркемдік ағымдардың ерекшелігін, яғни көркемдік қызметті тұтас айқындап береді. Егер эстетика көркем шығарманың структуралық моделін құруды міндет етсе, әдебиет теориясы сөз өнерінің құрылымдық ерекшелігін, инварианттық заңдылықтарын, жалпыға ортақ сипатын ашады [3. 59]. Сол сияқты әдебиет теориясы әдеби шығарманың жалпы құрылым принциптерін: морфологиялық (жанрлық-тектік), тарихи (шығармашылық әдіс, стиль, ағым өзгерістерін) бағыттарына назар аударады. Әдеби туындының структуралық моделін бірнеше қабаттармен қоршалған ядро түрінде елестетуге болады. Яғни сыртқы қабатында туындыны құрайтын сөздік материал түзіледі. Қарастырылатын материал қандай да бір мәтінді құрап, болашақта белгілі бір ұлттың халықтық немесе әдеби тілін көрсетеді. Алайда ол әлі көркемдік мән иеленбейді. Шығарманың көркемдік-құрылымдық қабаты қаншалықты белгілік сипат иеленеді, яғни қаншалықты рухани ақпаратты жеткізеді, шығарманың мазмұндық «ядросынан» туындайтын поэтикалық қандай күш иеленеді, тұрмыстық, іскери, ғылыми және басқа мәтіндерден (интеллектуалдық-эмоционалдық) өзіне тән қандай құрылымы бар, қаншалықты айырмасы бар екені қарастырылады.

Сөздік қабаттарды біріктіру, оларға мазмұндық, поэтикалық айқындық беру құрылымда екі аралық: ішкі және сыртқы қабаттың пайда болуына әкеледі. Ішкі форма – образдар жүйесі, мазмұн, мінсіз характер, образ-персонаждардың қарым-қатынасы, өзара әрекеті (сюжет). Сыртқы форма бұл мазмұнның әрі қарай сезімдік нақтылыққа ойысуы, елестету емес, нақты көркемдік бейнелілікке жету. Әдебиетте сыртқы форманың қолданылуы – тілдік материалды ұйымдастырудың материалдық құралдар жүйесі. Бұл мәтіннің дыбыстық (өлеңдегі рифма, ассонанс, аллитерация) жағының белсенділігіне жеткізіп, (поэзияда – метро-ырғақтық), стилистикалық және композициялық реттілікке (шығарманың архитектурасы, әрекеттің реттілігі, бейнелеу принципі, суреттеу, кейіпкерлердің диалогі, тікелей авторлық тіл) әкеледі. Осы арқылы мәтінде астарлы, жаңа, семантикалық, көркемдік ақпарат қалыптасады.

Әдеби туындының құрылымы ұғымы оның құрылымының жеке және жалпы – характерлер, сюжет, фабула, композиция, архитектураның орнығуын қамтамасыз етіп, олардың өзді-өздерін ғана емес, тұтас көркемдік құрылым ретінде үйлесімді жасалуын орнықтырады. Бұл структураның иерархиялық, яғни мазмұндық деңгейдегі элементтер (идеялық-тақырыптық ядро) бірте-бірте деңгейден деңгейге өтіп, шығарманың сөздік

болмысына түгелдей жеткенге дейін жүйеішілік басқарушылық рөл иеленеді. Мұнымен қоса барша өзіндік басқару жүйесінде кері байланыс (форманың мазмұнға кері ықпалы): реттелген сөздік материал оны шығарманың сыртқы формасына айналдырып, одан соң іштен реттеп, мазмұндық ядродан оның салмақты өзгеруіне әкеледі. Мәселен, бір көркем шығарманы талдап көрейік.

«Тон» әңгімесі. Оқиғаның басталуы. «Әсілі пәле деген сайтанның жүрмейтін жері, ұрынбайтын адамы жоқ шығар. Біреулерге ол қызылала-көкала ақша болып жолығып, басты айналдырады. Енді біреуге қылымсыған қыз, қылмындаған келіншек болып кезігіп, жолдан тайдырады. Кейін оның қыз да емес, қызылала ақша да емес – қып-қызыл пәле екенін білесің. Білесің де аһ ұрасың сан соғасың. Бұл оқиғаның басты, сюжеттің басталуына аңдатпа, түсіндірме.

Оқиғаның нақтылыққа ойыса бастауы. «Жоламан да өстіп аһ ұрды, сан соқты. Бірақ пәле шіркін я қыз, я ақша боп жолықса, арман не. Жоламанның қолын тосып жатқан сайтан түкке арзымас тон болды. Иә, тон. Тон болғанда, біреу қызығар қынама бел, қызыл тон да емес – қойшылар киетін кәдімгі сабалақ жүнді ұзын тон» [3. 217]. Бір кейіпкердің өмір жолын, осы тон арқылы, соған қатысты ситуациялармен баяндап отырады («Осы тонға кезіккенше Жоламанның жолында бір кедергі болған жоқ, алдынан ылғи айқара даңғыл ашылып, сорап-сонары кеңейіп, бір биіктен бір биікке құлаш ұрып жатқан-ды». Яғни автор кейіпкер өмір жолындағы сәттіліктерден басталған қадамдардың тонға қатысты кілт үзіліп, басқа сорапқа ойысқанын айтып тұр. Одан кейін тікелей оқиға басталады.

Негізгі оқиғаның басталуы. «Тон! Расында, ол Жоламан үшін үсікке киер тон емес, жүрекке қатқан тоң болды. Бұл тоңның көкірек қарып, бой мұздатып тұратын да кезі көп. Сондай сәтте сон-ау бір жылғы сары аязды айлы түн еріксіз есіне түсер еді» [3. 218].

Басты идея. «Жоламанның жарылған жері осы болды. «Жаман тон» дейді. Жаман тон. Есіне әкесі түсті. Ғұмыр бойы осы жаман тонды жамылып өтіп еді. Ол кімнен кем-ді. Ол сары жамбас болып сарғайып жатқанда қай райкомның адамы келіп қол ұшын беріп еді. Келсе малға келетін – адамға емес» [3. 227]. «Өйткені Жөкеңді қазір билейтін көз емес, дағды. Ал дағды билеген жерде көретін көздің, ойлайтын бастың қажеті аз ... Жоламан кейде ой жетегімен келе жатып, көз алдындағы дүниенің бәрінен бір сәтке алыстап, тым жырақтап кетіні бар. Ондай да көбінде көретіні ... баяғы бұлдыр-бұлдыр көк белес ... Көк белестің үстінде түтіні сыздықтай көтерілген киіз үй ... «Шәйт-шәйттап» қой қайырған әкесі ... Құдай-ау, қазандық астында бықси жанған қидың иісіне дейін мұрынға ап-анық білінеді ...» [3. 229]. «- Сені мұнда сыртыңнан не дейтінін білесің бе, Жоламан? - Жоқ. - Ендеше ренжісең де айтайтын, «Тон» дейді. Сенің кличкаң – «Тон»

Шешім. «Көшеге шығар үлкен есік аузында ұзынынан тілінген қарбыздың екі қабығы аяқ астында тапталып жатқанын көрді.

- Тазалық деген қайда осы! .. деп Жоламан күңк етті.

- Бұл үйде тазалық о бастан болған емес, болмайды да. Далада үзгі жаңбыр қара жерді сабалай ұрып тұр еді» [3. 235].

Автор адамның ғұмыры, абыройы, мансабына қатысты салмақты дүниелерді тон арқылы жеткізеді. Тон жылу беретін, суықтан қорғайтын киім. Ал, шығармада ол адамның атақ-абыройының, адамгершілігінің таразысы болып тұр. Детальдің рөлі ашылған. Оқиға бір сызықтың бойымен берілген, өйткені оқиға нақты кейіпкердің болмысына, өміріне құрылған. Астарлы ойлар, меңзеулер мол. Қоғамдағы, биліктегі ұнамсыз құбылыстар ашылған.

Әдебиеттер тізімі:

1 И.Гальперин. Текс как объект лингвистического исследования. – М., 1981.

2 Ингарден Р. Исследования по эстетике. – М., 1992.

3 Греймас А. Структура семантики. – М., 1990.

4 Д.Әшімханұлы. Самырсын сазы. Повестер, әңгімелер және әдеби эсселер. – Астана, 2000.